

С.Қ. Құлманов* , Н.М. Әшімбаева ,
А.Д. Омарова , Ж.Е. Ескендір 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ТЕРМИНЖҮЙЕСІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақала техника ғылымдары, оның ішінде механика және машинажасау салаларының терминжүйесіне лингвистикалық сипаттама беруге арналып, аталған салалардың терминдерін тұрпат және мазмұн межесі (құрылымдық және мағыналық) тұрғысынан жіктеу, олардың терминдену үдерісін талдау көзделді.

Зерттеу барысында жалпы техника салалары терминдерінің жасалу жолдары көрсетіліп, ғылым мен техника салаларында пайда болған жаңа ұғымдарды атау үдерісі кезеңдерге топтастырылды.

Мақалада механика және машинажасау салалары терминжасамының мынадай ерекшеліктері анықталды: синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, яғни жұрнақтар арқылы термин жасау қарқынды қолданылады; аналитикалық (синтаксистік) тәсілмен жасалған терминдердің құрамы әртүрлі болып келеді; аналитикалық (синтаксистік) тәсілдің сөзқосым және сөз тіркестіру түрі басым қолданылады; тіркестіру арқылы жасалған терминдер негізінен орыс тілінен құрылымдық, семантикалық-синтаксистік калькалау әдісіне негізделеді; лексика-семантикалық (конверсия) тәсілмен жасалған терминдік атаулар төл сөздеріміздің мағынасын ұлттық танымға негізделген метафоралық қолданыс арқылы кеңейту нәтижесінде пайда болады; аталған сөздіктерде жарыспалы қолданыс түрлері кездеседі және оларға әртүрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық түрткіжайттар (факторлар) себеп болады.

Зерттеуде жүйелеу, лексика-семантикалық топтау, құрылымдық талдау, сипаттау, компоненттік талдау, дедуктивті және индуктивті талдау, синхрондық талдау, пәнаралық салыстыру және ішінара салғастыру әдістері қолданылды.

Мақаладан алынған нәтижелер техника ғылымдары салаларының терминжүйесін, жалпы қазақ тілінің терминологиялық қорын дамытудың ғылыми-теориялық, қолданбалы-практикалық және әдістемелік негіздерін жетілдіруге үлес қосады, яғни ғылыми зерттеулер жазуда, әртүрлі сөздіктер (терминологиялық реестрлік, терминологиялық түсіндірме және т.б.) құрастыруда, терминологиялық жұмыстар жүргізуге арналған әртүрлі әдістемелік нұсқаулықтар жасауда, техника ғылымдары салалары мамандарының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруда, терминология бойынша жоғары оқу орындарында дәрістер оқуда маңызы жоғары болады деп санаймыз.

Түйін сөздер: техника ғылымдары, термин, сөздік, біріздендіру, жарыспалылық.

S.K. Kulmanov*, N.M. Ashimbaeva, A.D. Omarova, Zh.E. Eskendir

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

Linguistic Characteristics of the Terminological System of Technical Sciences

The article is devoted to the linguistic description of the terminological system of technical sciences, namely the branches of mechanics and mechanical engineering and the classification of the terms of these branches in terms of plans of expression and content (structural and semantic), analysis of the process of their terminologization.

In the course of the study, the ways of creating terms in the field of technology were identified and the following features of the terminology of the branches of mechanics and mechanical engineering were identified: the synthetic (morphological) method is intensively used; the composition of terms created in an analytical (syntactic) way is diverse; types of an analistic (syntactic) method are often used; terms formed by word combination, based on the method of structural, semantic and syntactic calculus from the Russian language; terminological names created in a lexico-semantic (conversion) way arise as a result of expanding the meaning of the original words of the Kazakh language through metaphorical use

based on national knowledge; in the dictionaries considered, there are various types of use of variants and such uses are due to various linguistic and extralinguistic factors.

The research used methods of selection, systematization, classification into lexical and semantic groups, structural (morphemic) analysis, structural and semantic grouping, component analysis, synchronous analysis, deductive and inductive analyses, interdisciplinary comparison and comparison.

The results obtained contribute to the improvement of scientific-theoretical, applied-practical and methodological foundations for the development of the terminological system of branches of technical sciences and the terminological fund of the Kazakh language as a whole, that is, the study is valuable for scientific research, compiling various dictionaries (registry, explanatory, etc.) and various methodological guidelines for conducting terminological work, organization of advanced training courses for specialists in the branches of technical sciences, lectures on terminology in higher educational institutions.

Key words: technical sciences, term, dictionary, unification, duplication.

С.К. Кулманов*, Н.М. Ашимбаева, А.Д. Омарова, Ж.Е. Ескендир

Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

Лингвистическая характеристика терминосистемы технических наук

Статья посвящена лингвистическому описанию терминосистемы технических наук, а именно отраслей механики и машиностроения и классификацию терминов указанных отраслей с точки зрения планов выражения и содержания (структурного и семантического), анализа процесса их терминологизации.

В ходе исследования были выявлены пути создания терминов в области техники и определены следующие особенности терминологии отраслей механики и машиностроения: интенсивно используется синтетический (морфологический) способ; состав терминов, созданных аналитическим (синтаксическим) способом является разнообразным; часто используются виды аналитического (синтаксического) способа (словосложение и словосочетание); термины, образованные путем словосочетания, основываются на методе структурного, семантико-синтаксического калькирования из русского языка; терминологические названия, созданные лексико-семантическим (конверсионным) способом, возникают в результате расширения значения исконных слов казахского языка через метафорическое использование, основанное на национальном познании; в рассмотренных словарях встречаются различные типы употребления вариантов и такие употребления обусловлены различными лингвистическими и экстралингвистическими факторами.

В ходе исследования были использованы методы отбора, систематизации, классификация на лексико-семантические группы, структурного (морфемного) анализа, структурно-семантической группировки, компонентного анализа, синхронного анализа, дедуктивного и индуктивного анализов, междисциплинарного сравнения и сопоставления.

Полученные результаты способствуют совершенствованию научно-теоретических, прикладно-практических и методических основ развития терминологической системы отраслей технических наук и терминологического фонда казахского языка в целом, то есть исследование является ценным для научных исследований, составления различных словарей (реестрного, толкового и т.д.) и различных методических указаний для проведения терминологических работ, организации курсов повышения квалификации специалистов отраслей технических наук, чтения лекций по терминологии в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: технические науки, термин, словарь, унификация, дублирование.

Кіріспе

Бүгінгі күні қоғамның барлық саласында мемлекеттік тілдің қолданылуы сандық және сапалық жағынан артып келеді. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бастап мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуға қатысты көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіліп, оқулықтар жазылды, әртүрлі сөздіктер құрастырылды. Соның ішінде қазақ терминологиясы бойынша бүгінгі күні ғылыми-

теориялық, лексикографиялық және әдістемелік тұрғыда үлкен нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл сөзімізге мына дерек дәлел болады: 15-тен аса монография мен зерттеу еңбектері, 10-нан астам оқулық, оқу құралдары, жинақтар, конференция, семинар, дөңгелек үстел материалдары жарық көріп, арнаулы басылымдар саны 50-ден, ғылыми мақалалар 1000-нан, газет мақалалары 500-ден, сөздіктер саны 250-ден асса, тіл мамандары арасында 4 докторлық, елуге жуық кан-

дидаттық, PhD диссертация, ал салалық терминологияға байланысты математика саласынан – бір, химия саласынан бір докторлық, әртүрлі салалардан оннан астам кандидаттық диссертация қорғалған (Құрманбайұлы, 2014: 846). Қазіргі ғылым мен білім қарқынды дамып отырған дәуірде ғылым салаларының терминологиясына арналған зерттеу еңбектерінің, сөздіктердің саны артып отырғаны белгілі. Осы орайда қазақ тілін жетік білетін, өз саласының терминдерін қалыптастырумен айналысып жүрген мамандардың қатысуымен 2014 жылы жарық көрген екі тілдегі (қазақ-орыс, орыс-қазақ) 30 томдық салалық терминологиялық сөздіктер топтамасы қазақ терминографиясына қосылған қомақты үлес болды.

Солай бола тұрғанымен, мемлекеттік тілдің техника ғылымдары салаларындағы, өндірістегі қызметі талапқа толыққанды сай деп айту қиын. Бұған себеп болатын мынадай негізгі экстралингвистикалық бірнеше түрткіжайтты (факторды) атауға болады: а) кеңес заманында техника мамандықтарының түгел дерлік орыс тілінде оқытылуы; ә) ғылыми еңбектердің орыс тілінде және қазіргі кезде заман талабына сай ағылшын тілінде жазылуы; б) еуропа тілдерінен орыс тіліне енген терминдердің сол тұрқында қолданылуы және т.б. Сонымен қатар қазақ тілінде жазылған ғылыми зерттеулердің, ғылым мен білім беру салаларына қатысты еңбектер санының аздығы, жекелеген салаларға қатысты баламалы терминологиялық сөздіктер авторларының белгілі бір топтар және жекелеген ғалымдар болуы ғылым салалары терминдерін үйлестіру, жүйелеу, нормалау ісінің толыққанды жүзеге асуына кедергі болып отыр, сондай-ақ Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдер ұсынымдық сипатта болғандықтан, олардың заңнамада және т.б. салаларда қолдануда бірізділіктің тұрақты сақталмауына жол беріліп отыр.

Осы ретте мақалада мынадай мәселелерді анықтау мақсаты қойылды: біріншіден, механика және машинажасау салалары терминдерінің синтетикалық (морфологиялық) тәсілмен жасалуында жиі қолданылатын жұрнақтарды анықтау, екіншіден, аналитикалық (синтаксистік) тәсілмен жасалған терминдердің құрамын көрсету, үшіншіден, лексика-семантикалық (конверсия) тәсілмен жасалған терминдік атаулардың пайда болу уәждерін анықтау, төртіншіден, аталған сөздіктерде тіркелген терминдердің қолданылу ерекшеліктерін көрсету.

Техника ғылымдары салалары терминжүйесіне қатысты жоғарыда аталған мәселелер

мемлекеттік тілдің ұлтаралық қатынас құралы ретінде, ғылым мен білім беру салаларында қолданысын жетілдіру үшін ұлттық ғылым тілін, яғни ұлттық ғылыми терминологияны дамытудың өзектілігін көрсетеді.

Материалдар және әдістер

Мақалада шетелдік және қазақ тіл біліміндегі терминологияға қатысты соңғы кездердегі теориялық зерттеулердің тұжырымдарына шолу жасалып, қазақ тіліндегі техника ғылымдары терминдеріне арналған мына сөздіктер негізгі нысан ретінде алынды: 1) Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Механика және машинатану. 4-том. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 400 бет; 2) Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Машинажасау. 7-том. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспасы, 2014. – 371 бет.). Сонымен қатар *зерттеудің ғылыми-теориялық және қолданбалы-практикалық негізі* ретінде қазақ тіл біліміндегі техника ғылымдары терминдеріне арналған негізгі ғылыми еңбектер мен сөздіктер қосымша пайдаланылды.

Мақалада аталған сөздіктерде тіркелген терминдерді жіктеу үшін *іріктеу, жүйелеу, құрылымдық (морфемалық) талдау*, сондай-ақ техника ғылымдары салаларындағы терминдену процесін қарастыру барысында *сипаттау, құрылымдық және семантикалық топтау, лексика-семантикалық топтарға бөлу, синхрондық талдау, лингвистикалық интерпретациялау* (түсіндіру), *пәнаралық салыстыру*, ішінара *салғастыру әдістері* қолданылды.

Зерттеу барысында техника ғылымдары терминжүйесінің лингвистикалық мәселелерін сипаттау мынадай кезеңдерден тұрды: а) терминдердің құрылымдық сипатын анықтау; ә) олардың жасалу жолдарын (жұрнақтар арқылы, сөздерді біріктіру, тіркестіру, метафора әдісі) анықтау; б) олардың қолданылу ерекшеліктерін, жарыспалылық құбылысын және оның себептерін көрсету.

Әдебиеттерге шолу

Әлем тілдерінің көпшілігінде ғылыми-техникалық терминдер *морфологиялық* (синтетикалық), *синтаксистік* (аналитикалық) және *лексика-семантикалық* (конверсия) тәсілдермен жасалып, құрамы жағынан *жай* және *күрделі* терминдер (екі немесе одан көп сөзден біріккен; екі немесе одан көп сөзден тұрып, де-

фис арқылы жазылатын терминдер; екі немесе одан көп сөзден тұратын сөз тіркестері) болып бөлінеді.

Терминолог-ғалым Д.С. Лотте техника салалары терминжасамының: 1) шеттілдік терминді дәл мағынасын беретін сөзбен аудару; 2) шеттілдік терминді дайын күйінде қабылдау (немесе калька әдісімен аудару) сияқты екі тәсілін ата (Лотте, 1961: 29), зерттеуші Ф. Абдуллаева техника саласы сөздеріне: «... (барлық техникалық құралдар мен олардың бөлшектері), процестер, өндіріс салалары, жекелеген адамдар, қасиеттер, атауыштық қызмет атқаратын жалпы сөздер мен сөз тіркестері», – деген анықтама бере отырып, оларды шет тілдерінен қабылдаудың мынадай түрлерін көрсетеді: 1) шет тілдерінің терминдерін сол қалпында алу; 2) калькалау; 3) аралас тәсілдерді қолдану; 4) сөзбе-сөз аудару және экспликациялау (Abdullaeva, 2022: 84-88).

Орыс тіл білімінде Е.В. Лопатина ғылыми терминдер аталым (номинация) теориясымен байланысты болып, метафоралану жолымен (әртүрлі объектілердің жалпы белгілерін ассоциативті ұқсастыру) жанама аталым негізінде де жасалады дей келе, техника салаларының терминжасамында ғалымдар мен өнертапқыштардың тектері (фамилиялары) қолданылуының себебін мына түрткіжайтармен түсіндіреді: «а) антропонимдік терминдер белгілі бір объектіні, құбылысты немесе үдерісті қысқа әрі дәл атайды; ә) мифтердің және т.б. қаһармандары мен кейіпкерлерінің аттарынан, сондай-ақ жалпы есімге ауысқан жалқы есімдерден жасалған терминдер сыртқы белгісі, қызметі және т.б. жағынан нақты техникалық құрылғыны немесе жабдықты сипаттайды; б) эпонимдік атаулар термин ретінде есте тез сақталады; в) антропонимдік терминдер аты нақты техникалық құрылғының немесе үдерістің атауымен байланысты (ойлап тапқан және т.б.) адам туралы мәдени ақпараттан тұрады; г) антропонимдік терминдер сөздік қорды молайтады (Лопатина, 2012: 8-11).

Ағылшын тіл білімінде техника салаларының терминологиясы мынадай бағыттарда зерттеліп келеді: техника салалары терминдерінің кейбір лингвистикалық қасиеттерін айқындау (John, 1995), техника салалары терминдерін аудару ерекшеліктерін көрсету (Polyakova, 2019), техника салалары терминдерінің сөздіктердегі анықтамасын беру (Abdullaeva, 2019), техника салалары терминологиясының теориялық және практикалық мәселелерін зерделеу (Abdullaeva, Isarov, 2019), техника салалары терминдерін оқытудың ерекшеліктерін айқындау (Gulruh,

2020), техника тілінің құзыреттілікті қалыптастырудағы қызметін көрсету (Moldovan, 2022) және т.б.

Нәтижелер мен талқылау

Тіл білімінде техника салалары терминжасамының мынадай ерекшеліктері көрсетіледі: 1) техника салалары терминдерін жасауда терминжасамның барлық тәсілдері қолданылады; 2) техника салалары терминдері негізінен зат есім, сын есім және етістік сөз таптарынан болады; 3) синтаксистік тіркесімділігі шектеулі болады. Сонымен қатар техника салалары терминдерінің табиғаты әлеуметтік-коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан былайша көрсетіледі: 1) *әлеуметтік-коммуникативтік тұрғыдан*: а) техникалық дискурста пайда болады; ә) тақырыптық және жұмсалымдық сипатына сәйкес техникалық дискурста бейімделеді; б) техникалық дискурста басқа тілдік бірліктермен (таңбалық немесе символдық жүйелермен) бірдей қолданылады; в) оқыту үдерісінде меңгеріледі, яғни сол саладағы мамандар қолданады; г) негізінен денотаттық мағынасы болады (кейбір жағдайда коннотаттық мағынаға да ие болуы мүмкін); 2) *когнитивтік тұрғыдан*: а) мәнмәтінге байланысты болады; ә) белгілі бір техника саласының ұғымдық категориясы болады; б) сала мамандары анықтамасын нақтылап, ғылыми және көпшілік айналымға түсіреді (Федюченко, 2021: 19-27).

Техника салалары терминдеріне арналған зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, мұндай терминдер тобы негізінен мына жолдармен жасалады деп тұжырымдауға болады:

1) жалпы қолданыстағы сөздердің (немесе терминдердің) мағынасы объектінің, құбылыстың сыртқы ұқсастығына байланысты өзгеріп (негізінен кеңейіп), жаңа атау (термин) ретінде қалыптасады;

2) әртүрлі қосымшалар (жұрнақтар, приставкалар) жалғану арқылы жаңа термин жасалады;

3) жеке сөздерді біріктіру арқылы жаңа көпқұрамды термин жасалады;

4) жекелеген сөздерді тіркестіру арқылы жаңа термин (терминдік тіркес) жасалады;

5) шет тілдерінің сөздері термин ретінде қабылданады;

6) қайта терминдену (ретерминдену) құбылысы арқылы жаңа терминологиялық бірлік пайда болады (бір салаға тән терминнің мағынасы өзгеріп (негізінен кеңейіп) екінші бір салада жаңа термин жасалады).

Ғылым мен техника салаларында пайда болған жаңа ұғымдарды атау үдерісін мынадай кезеңдерге топтастыруға болады:

1) кірме терминдердің ғылым салаларындағы қажеттіліктен туындап, калька әдісімен аудару арқылы тілден тілге ену кезеңі (кейде енген тілдердің дыбысталу заңдылықтарына сай бейімделіп қабылданады);

2) терминнің өзге тілге еніп, анықталып, жіктеліп, түсіндірмесі беріліп, тілде атау ретінде қалыптасып орнығу кезеңі;

3) кірме терминнің енген тілде арнаулы сала мамандарының оқыту және тәжірибеде қолдану кезеңі (әртүрлі сөздіктер мен оқулықтарға енеді, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылады).

Зерттеушілер ғылыми-техникалық терминдерді қалыптастыру барысындағы мынадай мәселелерді атайды: біріншіден, ғылыми-техникалық терминдердің қарқынды даму барысында синонимділік құбылысының болмауы мүмкін емес; екіншіден, жаңа терминдерді тез арада аударып, ғылымның дамуына ілесіп отыру қиындық туғызады; үшіншіден, бір терминді аударғанда бейімдеу, эквиваленция, модульдеу, транспозициялау әдістері аралас қолданылуы мүмкін (Омонов, 2020: 105-114).

Техника салалары терминдерін қарастырғанда олардың өзіндік ерекшеліктері анықталады. Қазақ тіл білімінде А.И. Тілембекова байланыс және электроника салалары терминдерінің лингвистикалық және экстралингвистикалық құрылымын, лексикалық құрамын, жиі қолданылатын морфологиялық тұлғаларды, байласым құралдарын (сөзқосым, аналитикалық) және мәтінтүзушілік құралдарын қарастырса (Тілембекова, 2004), келесі зерттеушілер академиялық терминдердің құрамын шартты түрде бес топқа бөледі: оқу-ісі, ғылым, тәрбие жұмысы, халықаралық қатынастар мәселелеріне арналған және жоғары оқу орындарындағы лауазым атауларын білдіретін академиялық терминдер (Utengaliyeva, Bektemirova, Rivers, 2019: 197). Сонымен қатар зерттеушілер техника салалары терминдерін жасау барысында *академиялық аударма* қолданылатынын атап өтеді (Utengaliyeva, Bektemirova, Odanova, Rivers, Akimishcheva, 2022: 126).

Қазіргі ғылым мен технология қарыштап дамып отырған дәуірде әлем тілдерінде техника ғылымдары терминдерінің саны күн санап өсіп отыр. Осы ретте біз бұл мақаламызда техника ғылымдары салаларының екі тармағы – «Механика» және «Машинажасау» сөздіктерінде тіркелген терминдердің бүгінгі сипатына лингвистикалық талдау жасауды мақсат етіп отырмыз.

Техника салалары терминдерінің синтетикалық (морфологиялық) тәсілмен жасалуы

Еуропа тілдерінен орыс тіліне енген және орыс тілінің терминдерін аудару арқылы техника салалары терминдерін жасауда тіліміздегі төл сөздерге төмендегі жұрнақтарды жалғау үдерісі жиі қолданылады:

-гі/-ғы/-қы/-кі: *бағдарғы* (ориентир), *батырғы* (грузило), *басқы* (педаль) және т.б.;

-гіш/-ғыш/-кіш/-қыш: *бағыттағыш* (директриса); *жинақтағыш* (коллектор), *соққыш* (боек), *жаққыш* (кисточка), *сұққыш* (штифт), *жонғыш* (фреза), *жалғастырғыш* (муфта), *майлағыш* (лубрикатор), *орнықтырғыш* (фиксатор), *теңгергіш* (балансир), *көтергіш* (подъемник), *буландырғыш* (испаритель) және т.б.;

-лау/-леу/-дау/-деу/-тау/-теу: *кіреукелеу* (эмалирование), *қоспалау* (легирование), *тұралау* (стагнация) және т.б.;

-лық/-лік/-дык/-дік/-тык/-тік: *өкшелік* (подпятник), *серпімділік* (упругость), *ағындық* (протечка), *табандық* (башмак), *межелік* (шкала) және т.б.;

-м/-ым/-ім: *тартым* (тяга), *төсем* (настил, прокладка), *тіктем* (отвес), *бақылам* (слежение), *айналым* (циркуляция), *араласым* (суспензия), *бекітілім* (заделка), *баспақтам* (прессовка), *тығызданым* (уплотнение), *иілім* (пригиб), *опрылым* (излом) және т.б.;

-ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе: *қайтарма* (отдача), *үйілме* (завал), *балқытпа* (расплав), *сұңгіме* (штепсель), *құрылма* (конструкция), *балқыма* (выплавка) және т.б.;

-мақ/-мек: *сормақ* (вытяжка) және т.б.;

-малы/-мелі: *айнымалы* (переменная), *балқымалы сақтандырғыштар* (плавкие предохранители) және т.б.;

-нама/-дама/-тама/-теме: *дайындама* (заготовка), *жабдықтама* (оснастка), *бағыттама* (стрелка), *жиектеме* (филенка) және т.б.;

-у: *сору* (всасывание), *сіңіру* (абсорбция, впитывание) және т.б.;

-уыш/-уіш: *сығымдауыш* (компрессор), *бейімдеуіш* (адаптер), *орауыш* (катушка), *дәнекерлеуіш* (паяльник) және т.б.;

-ушы/-уші: *баптаушы* (наладчик), *жобалаушы* (проектировщик), *жөндеуші* (ремонтник), *дәнекерлеуші* (паяльщик) және т.б.;

-ша/-ше: *өсіміше* (приращение), *арқаниша* (канатик), *белдікіше* (поясок), *табаниша* (лапка) және т.б.;

-шы/-ші: *құралшы* (инструментальщик) және т.б.

-ық/-ік: *илеуік* (месилка), *айналдырық* (шпиндель) және т.б.;

-ынды/-інді: *жабынды* (покрыв), *үйінді* (отвал) және т.б.;

-ыс/-іс: *айналыс* (вращение), *беріліс* (передача) және т.б.

Осы ретте техника салалары терминдерінің синтетикалық (морфологиялық) тәсілмен жасалуында -гіш/-ғыш жұрнағы жиі қолданылса, соңғы кезде -гі/-ғы жұрнағы басымдық алғаны, сондай-ақ басқа салаларда (тіл білімі) термин жасауда қолданылатын -м/-ым/-ім жұрнағы техника саласы терминдерін жасауда белсенділік танытып келетінін айта кеткіміз келеді.

Қарастырылып отырған сөздіктерде морфологиялық тәсілмен термин жасауда мына ерекшеліктерді атап өтеміз:

- сөзжасам жұрнақтарының мағыналары мен олар жалғанатын түбір сөздердің құрамы нақты ескерілген: *шабыл+ғы* (зарубка), *шабыл+ма* (вырубка), *шаб+ынды* (обрубка), *кер+гі* (растяжка), *кер+ме* (натяг), *кергіш* (расчалка), *қозға+ғыш* (двигатель), *қозғалт+қыш* (двигатель) және т.б.;

- кейбір жұрнақтар әртүрлі сөз табынан болған және құрамы түрліше сөздерге жалғанады: *бағыт+та+ғыш*, *сұқ+қыш*, *бу+лан+дыр+ғыш*; *айнал+ым*, *тығыз+дан+ым*, *оп(ы)р+ыл+ым*; *дайын+дама*, *жабдық+тама* және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздердің орыс тіліндегі жұрнақтары тіліміздің төл жұрнақтарымен аударылады: *дросселдеу* (дресселирование), *конустық* (конусность), *хромдау* (хромирование), *центрлеу* (центрирование) және т.б.;

- сөз алдынан қосылатын болымсыздық мағына білдіретін -бей қосымшасы қолданылады: *бейәстестік* (несоосность), *бейсызықтық* (нелинейность) және т.б.

Техника салалары терминдерінің синтаксистік (аналитикалық) тәсілмен жасалуы

Техника салалары терминдерін жасауда синтаксистік (аналитикалық) тәсілдің сөзқосым түрі белсенді қолданылады:

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген түбір немесе туынды терминді тілімізге негізінен екі немесе одан да көп сөзден тұратын күрделі сөзбен аудару арқылы жасалған терминдер: *штабель* – *қатқабат*, *толь* – *қарақағаз*, *паста* – *майұнтақ*, *шилиц* – *оймакілтек*, *ватман* – *сызбақағаз*, *шевер* – *тісқырғыш*, *кремень* – *шақпақтас*, *шифр* – *шартбелгі*, *верстак* – *шеберүстел*, *флюгер* – *желбағар*, *рычаг* – *иінтірек*, *капилья* – *қылтүтік* және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі сөзден тұратын күрделі терминнің екі сыңарын да тілімізге аудару арқылы жасалған терминдер: *вибротранспортер* – *дірілтасымалдаушы*, *потенциалоскоп* – *әлеуеткөргіш*, *потенциометр* – *әлеуетөлішегіш*, *маска-шлем* – *қалқан-қалпақ* және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі сөзден тұратын күрделі терминнің бір сыңарын сол қалпында қабылдау және екінші сыңарын аудару арқылы жасалған терминдер: *автокомпенсация* – *автоөтем*, *монорельс* – *дарарельс*, *авиаконструктор* – *авиақұрылымдаушы*, *микроструктура* – *микроқұрылым*, *пневмодрель* – *пневмобәрбі*, *микрошлиф* – *микросылма*, *станок-автомат* – *автомат-білдек* және т.б.;

- бір сыңары еуропа тілдерінен орыс тіліне енген, ал екінші сыңары орыс сөзінен тұратын күрделі терминнің екі сыңарын тілімізге аудару арқылы жасалған терминдер: *эмальпровод* – *кіреужесым*, *виброметр* – *дірілөлшегіш*, *вибробункер* – *дірілшанап*, *виброграф* – *дірілжазғыш*, *контрпривод* – *қарсыжетек*, *контрупор* – *қарсытірек* және т.б.;

- бір сыңары еуропа тілдерінен орыс тіліне енген, ал екінші сыңары орыс сөзінен тұратын күрделі терминнің еуропа тіліндегі сыңарын сол қалпында қабылдау және орыс тіліндегі сыңарын аудару арқылы жасалған терминдер: *автоподача* – *автоберіс*, *автозагрузка* – *автожүктеу*, *турбонасос* – *турбосорғы*, *ультразвук* – *ультрадыбыс*, *микротрещина* – *микросызат*, *микрополет* – *микроұшу*, *пневмомолот* – *пневмобалға*, *пневмошлем* – *пневмодулыға*, *автосцепка* – *автотіркегіш*, *гидроусилитель* – *гидроқушейткіш*, *гидрозатвор* – *гидробекітпе*, *гидроемкость* – *гидросыйымдылық*, *двухавр* – *қоставр*, *виброконвейер* – *дірілконвейер*, *электросверло* – *электрбұрғы* және т.б.;

- орыс тіліндегі түбір немесе туынды терминді тілімізге екі сөзден тұратын күрделі сөзбен аудару арқылы жасалған терминдер: *зеевик* – *иректүтік*, *слиток* – *құймакесек*, *перегородка* – *арақабырға*, *масленка* – *майсауыт*, *подшипник* – *мойынтірек*, *бойница* – *оқатар*, *тройник* – *үштармақ*, *целик* – *кентірек*, *шестерня* – *тістегіріш* және т.б.;

- орыс тіліндегі екі сөзден тұратын күрделі терминді тілімізге екі сөзден тұратын күрделі сөзбен аудару жасалған терминдер: *уровнемер* – *деңгейөлшегіш*, *кругломер* – *дөңгелекөлшегіш*, *вибросито* – *дірілелгезер*, *трубогиб* – *құбырбүккіш*, *труборасширитель* – *құбыркеңейткіш*, *огнеупор* – *оттөзімдік*, *пескомойка* – *құмжұғыш*,

стекловата – шынымақта, стеклоткань – шынымата, дымосос – түтінсорғыш, пароочиститель – бутазартқыш және т.б.;

- орыс тіліндегі екі сөзден тұратын тіркесті терминді тілімізге екі сөзден тұратын күрделі сөзбен аудару жасалған терминдер: *перекрещивающиеся нахлест – айқассалын және т.б.*

Техника салалары терминдерін жасауда аналитикалық (синтаксистік) тәсілдің сөздерді тіркестіру түрі басым қолданылады:

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген түбір немесе туынды терминді тілімізге сөз тіркесімен аудару арқылы жасалған терминдер: *треньель (тройной блок) – үш шығыршық, эвольвентомер – эвольвента өлшегіш, пиропатрон – жарғыш оққушы, шлеппер – орнақ жылжымасы, цоколевка – сазақ сұлбасы, клупп – бұранкескіш тұтқа, финишер – таза өңдегіш, шпигель – айналы шойын және т.б.;*

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі немесе одан да көп сөзден тұратын терминдік тіркестің барлық сыңарын аудару арқылы жасалған терминдер: *инструмент шлифовальный – ажарлағыш құрал, привод карданный – айқартпсалы жетек, рифление перекрестное – айқыш бұдырлау, блок шпиндельный – айналдырғы жиынтығы, шпиндель регулировочный – реттейтін айналдырғы, штамповка с использованием сверхпластичности – асажайылымдылықты пайдаланып қалыптау, пресс с вращающимся столом – айналма үстелді баспақ, станок карусельно-фрезерный – айналмашақты жонғылау білдегі және т.б.*

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі сөзден тұратын терминдік тіркестің бір сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау арқылы) және екінші сыңарын аудару арқылы жасалған терминдер: *материал шлифовальный – ажарлағыш материал, технология малоотходная – азқалдықты технология, гильза шпинделя – айналдырғы гильзасы, основы автоматизации – автоматтандыру негіздері, проектирование автоматизированное – автоматтандырылған жобалау, автосопровождение – автоматты қадағалау, линия автоматическая – автоматты тізбек, сталь автоматная – автоматтық болат және т.б.;*

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі немесе одан да көп сөзден тұратын терминдік тіркестің барлық сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау) арқылы жасалған терминдер: *цилиндр механизма – механизм цилиндрі, генератор ацетиленовый – ацетиленді генератор,*

таран гидравлический – гидравликалық таран, цилиндр гидравлический – гидравликалық цилиндр, энергия гидравлическая – гидравликалық энергия және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздер мен орыс тілінің сөзінен тұратын (екі сөзден көп) терминдік тіркестің барлық сыңарын аудару арқылы жасалған терминдер: *резервуар напорный – арынды сұйыққойма, растяжка диапазона – ауқым кергісі, управление программное – бағдарламалы басқару, шпилька направляющая – бағыттаушы бұрансұқпа және т.б.;*

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздер мен орыс тілінің сөздерінен тұратын терминдік тіркестің бір немесе бірнеше сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғаулары жалғау арқылы) және бір немесе бірнеше сыңарын аудару арқылы жасалған терминдер: *вакуум фильтры карусельные – айналмашақты вакуум-сүзгіш, равномерность амплитудно-частотной характеристики – амплитуда-жиіліктік сипаттама бірқалыптылығы және т.б.;*

- орыс тілінің екі немесе одан да көп сөзінен тұратын терминдік тіркестің барлық сыңарын аудару арқылы жасалған терминдер: *смесь оборотная – айналма қоспа, напряжение текучести – аққыштық кернеуі, передача перекрестная ременная – айқас белдікті беріліс, соединение разъемное – ажырамалы қосылыс, уплотнение вращательного соединения – айналмалы қосылыстың тығыздалуы, часть передняя замковая – алдыңғы кілт бөлігі және т.б.;*

- орыс тіліндегі түбір немесе туынды терминді тілімізге екі сөзден тұратын сөз тіркесімен аудару арқылы жасалған терминдер: *барашек – қосқұлақты сомын, обколачивать – айнала қағу, окапывать – айнала қазу, обложить – айнала қоршау, упорка – құрал тірелімі және т.б.;*

- орыс тіліндегі екі сөзден тұратын күрделі терминді тілімізге екі не одан да көп сөзден тұратын сөз тіркесімен аудару арқылы жасалған терминдер: *прогибомер – иілім өлшеуіш, слитковоз – құймакесек тасығыш және т.б.*

Жасалған талдаулардан синтаксистік (аналитикалық) тәсілдің сөзқосым және сөздерді тіркестіру түрінде шет тілдерінен орыс тіліне енген және орыс тілі терминдерін тіліміздің төл сөздермен аудару басты назарға алынғанын байқаймыз.

Техника салалары терминдерінің лексика-семантикалық (конверсия) тәсілмен жасалуы

Зерттеуші Г. Иса лексика-семантикалық тәсілдің негізі саналатын метафоралық әдіспен

жасалған техника салалары терминдерінің баламасы адамның дене мүшелеріне (*пешитің мойны, ошақтың езуі, көріктің көмейі*), жан-жануарлардың түрлері мен дене бітіміне, мүшелеріне ұқсату (*қасқырауыз, құстұмсық, итарқа, қабан-құлақ*) арқылы жасалады деген тұжырым жасаса (Иса, 2019), Г. Бекқожанова термин метафоралық жолмен жасалғанымен, оның негізінде әдеби тілде қолданылатын сөздер жататынын айтты (Бекқожанова, 2009: 96).

Қазіргі техника салалары мәтіндерінде орыс тіліне шет тілдері арқылы енген терминдерге және орыс тілі терминдеріне төл сөздерден ба-

лама тауып, олардың мағынасын лексика-семантикалық (конверсия) тәсілмен кеңейте отырып, метафора әдісі арқылы жаңа термин жасау үдерісі қарқын алып келеді. Мысалы, а) орыс тіліне енген еуропа тілдерінің сөздерінен: *консоль – арыс, пульсация – лүпіл, шпонка – кілтек, фурма – мойнақ, зенкер – үңгі, шайба – тығырық, пинцет – іскек, итырь – істік* және т.б.; ә) орыс тілінің сөздерінен: *брус – білеу, подвес – аспа, задел – бастам, свая – қада, броня – сауыт, резак – кескіш, ярмо – мойынтұрық, износ – тозу, привод – жетек, горн – көрік, щетка – қылиақ* және т.б.

1-кесте – Техника салалары терминдерінің метафоралық қолданыс нәтижесінде жасалуы

№	Орыс тіліндегі термин және оның мағынасы	Қазақ тіліндегі терминнің пайда болуына негіз болған мағынасы	Қазақ тіліндегі термин және оның метафоралық қолданыстан туындаған мағынасы
1	Консоль (фр. console) – архитектурная деталь типа поддерживающей конструкции.	Арыс – үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең ағаш; белағаш.	Арыс – құрылмаларды көтеріп тұратын сәулет құрылғысы.
2	Пульсация (ср.-лат. pulsus (vēnārum) «биение вен») – изменения светового потока с удвоенной частотой электрической сети.	Лүпіл – жүрек қағысының бүлкілі.	Лүпіл – электр желісіндегі жарық ағынының қозғалысы.
3	Шайба (нем. Scheibe («шайба, кружок»)) – подкладка под гайку или головку винта в виде плоского кольца.	Тығырық – мұрындыққа өткізген ағаш шығып кеппеу үшін ойылып кигізілетін былғары тоқтатқыш.	Тығырық – сомынның не бұранда басының астына салынатын жазық сақина пішіндес астар.
4	Пинцет (фр. pincette «щипчики») – инструмент, приспособление для манипуляции небольшими предметами, которые невозможно, неудобно, либо нежелательно или опасно брать незащищёнными руками.	Іскек – сақал-мұртты, қасты бір талдап жүлатын кішкене тістеуік темір.	Іскек – қандай да бір затты ұстауға арналған техникалық құрал.
5	Броня – защитный материал или его слой, обладающий достаточно большой прочностью, вязкостью и другими механическими параметрами.	Сауыт – ұсақ темір шығыршықтарды бір-бірінен өткізіп тоқылатын тордан қысқа жеңді жейде түрінде жасалатын садақ, қылыш, найза сияқты қару-жарақтардан қорғануға арналған батырлардың киімі.	Сауыт – қандай да бір зақымданудан қорғайтын техникалық материал немесе қабат.
6	Привод – это электромеханическое устройство, предназначенное для приведения в движение машин и механизмов, функционирующих на основе электрической (электропривод), гидравлической (гидропривод) или пневматической (пневмопривод) энергии.	Жетек – біреудің, бір нәрсенің ыңғайы, ырқы.	Жетек – мәшине немесе механизмдерді іске қосатын құрылғы.

Келтірілген кестеден байқайтынымыздай, орыс тіліне еуропа тілдерінен енген және орыс тіліндегі техника салалары терминдерінің қазақ тіліндегі баламасына тіліміздегі бұрыннан қолданылатын заттардың сыртқы түрінің, қозғалысының, қызметінің ұқсастығы негіз болып, метафоралану жолымен лексика-семантикалық тәсілмен жасалған деп санаймыз. Бұл жерде әр-

бір терминнің метафоралық қолданыс нәтижесінде пайда болуына талдау жасауға мақаланың көлемі көтермейтіндіктен, бұл тәсілмен жасалған терминдерді жеке зерттеу қажет деп есептейміз.

Сонымен қатар «Механика» және «машина-жасау» сөздіктеріне тіркелген терминдердің мынадай ерекшеліктерін атап өтеміз:

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген түбір немесе туынды терминдер орыс тіліндегі жазылуы бойынша қолданылады: *автогенератор, диафрагма, динамометр, диполь, дюйм, индуктор, инжектор, кинематика, контур, кронштейн, манипулятор, манометр, микрон, модуль, параметр, абиссаль, абляция, калибр, кинетика, лонжерон, магнитуда, матрица, агрегат, карбид, перфоратор, экскаватор, экструдер, элеватор және т.б.*;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген түбір немесе туынды терминдер тіліміздің заңдылығына бейімделіп қолданылады: *алюминий – әлеумен, машина – мәшине, режим – режім, өс – ось, рөл – руль, якорь – зәкір, мундуштук – мүштік, нуль – нөл (араб) және т.б.*;

- орыс тіліндегі түбір немесе туынды терминдер тіліміздің заңдылығына бейімделіп қолданылады: *завод – зауыт, режим – режім, кабель – кәбіл және т.б.*;

- екі сыңары да еуропа тілдерінен орыс тіліне енген немесе бір сыңары еуропа тілдерінен орыс тіліне енген және екінші сыңары орыс тілінің сөзі болып келетін күрделі терминдердің құрамындағы орыс тілінің «жалғастырғыш» қосымшасы алынып тасталып қолданылады: *электромашина – электрмашина, электромашиностроение – электрмашинажасау және т.б.*;

- түбір немесе туынды терминдер орыс тілінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылады: *маятник, датчик және т.б.*

Көріп отырғанымыздай, қарастырылып отырған сөздіктерде еуропа тілдерінен орыс тіліне енген және орыс тілі терминдерін орыс тіліндегі жазу жалғасып келе жатқанымен, соңғы кезде олардың қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп қолданылуы басымдық алып келеді.

«Механика» және «Машинажасау» сөздіктері қарастырыла келе, мынадай жарыспалы қолданыс түрлері анықталды:

1. Еуропа тілдерінен орыс тіліне енген түбір немесе туынды терминнің баламасы ретінде сол терминнің өзі және қазақ тіліндегі баламасы (баламалары) жарыса қолданылады. Мысалы, *канал – канал, арна; коррозия – коррозия, жемірілу; зона – зона, аумақ; абляция – абляция, бүліну; адсорбция – адсорбция, үгіту, сіңіру; бандаж – бандаж, құрсау; демпфер – демпфер, бәсеңдеткіш; детонация – детонация, тұтану; таль – таль, аспа; циркулятор – циркулятор, айналдырғыш; амортизатор – амортизатор, бәсеңдеткіш; анкер – анкер, бекітіл; арматура – арматура, арқау, бекемдік; редуктор – редуктор, бәсеңдеткі; шатун – шатун, бұлғақ; диффузор*

– *диффузор, араласқыш; патрон – патрон, қысқы, оқиан; пирометр – пирометр, қызуәлиеуіш; рессора – рессор, серіппегіш; слесарь – слесарь, теміршебер; обсорбер – обсорбер, сіңіргі; асбест – асбест, талшықтас; токарь – токарь, жонушы; циркуль – циркуль, шеңберсызғы; сопло – сопло, шүмек; блок – блок, шығыршық, жиын, жиынтық; ланцет – ланцет, тегістегіш; профиль – бейін, пішін, қырын және т.б.*

2. Еуропа тілдерінен орыс тіліне енген түбір немесе туынды терминнің қазақ тіліндегі екі немесе одан да көп баламасы қолданылады. Мысалы, *линия – тізбек, сызық; строп – жүкбау, темірарқын, арқан; вальцовка – талқы, айналсоқ; форма – пішін, қалып, қорама, тұрпат және т.б.*

3. Орыс тіліндегі түбір немесе туынды терминнің қазақ тіліндегі екі немесе одан да көп баламасы қолданылады. Мысалы, *уступ – кетпеіш, кемер; захват – қармау, қармауыш; возмущение – қозу, ұйтқу; вытягивание – созылу, суыру; лунка – ойық, шұңқырша; червяк – иірмек, бұрамдық, сбой – ағаттық, жаңылыс; слив (деталь) – ағызба, ағызғыш (тетік), разъем – ажырама, ажыранды; перекрытие – аражабын, қосарлама; лебедка – шығыр, жүкшығыр; распорка – кергіш, аралық тірек; складка – қыртыс, бұрмы, бүкпе; шейка – мойын, қылта; подшипник – мойынтірек, ішпек; подвеска – ілме, аспа; вкладыш – ішпек, салындық; насос – сорап, сорғы; нагнетатель – сықағыш, аудауыш және т.б.*

4. Қазақ тіліндегі түбір, туынды немесе күрделі терминнің еуропа және орыс тілдеріндегі екі немесе одан да көп баламасы қолданылады. Мысалы, *айналым – циркуляция, оборот; ақау – дефект, дислокация; аралық – диапазон, интервал, промежуток; бойлық – меридиан, продольный; ауытқу – девиация, отклонение, возмущение, флуктуация; қалып – штамп, колодка; қаңқа – каркас, остов, скелет; құрсау – бандаж, обруч; ауашығарғыш – сапун, выпор воздушный, сөре – стеллаж, полка; сырғақ – штоссель, ползун; бүріккіш – впрыскиватель, опрыскиватель, форсунка; орамдық – рулон, фасовка және т.б.*

5. Қазақ тіліндегі түбір, туынды немесе күрделі терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп баламасы қолданылады. Мысалы, *бекітпе – затвор, крепь; бұрғы – бур, буравчик; сверло; кемер – кромка, уступ; қаптама – кожух, обшивка; ажыратқыш – рубильник, разводка (инструмент), выключатель (мех.); кетік – надлом, щербина; ойғыш – пазник, уторник (құрал); соққыш – боек, ударник; тіреушік – жеребейка, стояк және т.б.*

Аталған салалар терминдерінің қолданысындағы мұндай жарыспалылық құбылысына төмендегідей бірқатар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар себеп болады деп санаймыз: а) сала мамандарының ғылыми тұрғыда негізделген тұжырымдары; ә) тілдік қалыптасу факторы (қолданыс жиілігі нәтижесінде белгілі бір терминнің орнығуы); б) терминдердің семантикалық әлеуеті; в) терминдердің шығу төркіні; г) нормативтік құжаттарда, ғылыми мақалалар мен оқулықтарда және т.б. қолданылған терминдерді өзгертуге болмайды деген қасаң қағиданың алға тартылуы; д) салалық терминологиялық сөздікте қамтылған терминдердің бекітілген нұсқалармен, заңнамадағы қолданысымен біріздендірілмеуі.

Сонымен қатар «Механика» және «Машинажасау» сөздіктерінде тіркелген терминдерге қатысты мына жайттарды да атап өтуіміз керек:

1) Аталған салаларға тікелей қатысты емес терминдер кездеседі. Мысалы, *влага* – *ылғал*, *влажность* – *ылғалдылық*, *вложение* – *салым*, *возврат* – *қайтарым*, *грунт* – *топырақ*, *закон* – *заң*, *звезды* – *жұлдыздар*, *камень* – *тас*, *лед* – *мұз*, *действие* – *әрекет*, *доля* – *үлес*, *задание* – *тапсырма*, *изменение* – *өзгеріс*, *капля* – *тамшы*, *копия* – *көшірме*, *образ* – *бейне*, *надпись* – *жазу*, *очаг* – *ошақ*, *пакет* – *десте*, *полет* – *ұшу*, *понятие* – *ұғым*, *ручей* – *жылға*, *сведение* – *мәлімет*, *смысл* – *мағына*, *таблица* – *кесте*, *характеризовать* – *сипаттау* және т.б.

2) Орыс тіліндегі терминді аудару барысында оның құрылымына сәйкес қазақ тіліндегі әртүрлі сөз таптарына жататын сөздер және сөз тіркестері біріктіріліп жазылған. Мысалы, *самобалансирование* – *өзітеңгерілу*, *гайка самоконтрящаяся* – *өзіқатаятын сомын*, *винт самонарезающий* – *өзіоаятын бұранда*, *градуировка* – *өлшембөліктеу*, *водоотвод* – *субұру*, *асақысым* – *сверхдавление*, *сверхпластичность* – *асаилемділік*, *перегрев* – *асқынқызу*, *резьбофрезерование* – *бұрамажонғылау*, *резьбонакатывание* – *бұрамабұрлеу*, *самопиесец* – *өзіжазғыш*, *самобалансирование* – *өзітеңгерілу*, *быстродействие* – *тезәрекет*, *быстроходность* – *тезжүргішітік*, *вылеживание* – *сарылажату* және т.б.

3) Еуропа тілдерінен орыс тіліне енген терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ретінде сөздіктерде тіркелмеген, мағынасы түсініксіз, тым жасанды сөздер ұсынылған. Мысалы, *лимб* – *межебалдақ*, *пуансон* – *сотан*, *формовицик* – *қорамашы*, *суппорт* – *құралкүймешік*, *ватержакет* – *суқаптам*, *перфолента* – *тесімтаспа*, *юферс* – *анжыма*, *кантователь* – *аударғы*,

люнет – *сүйеуіш*, *валец* – *біліктем*, *сепаратор* – *екшегіш*, *флюгер* – *желбағар*, *реверс* – *керіқимыл*, *реверсор* – *керіқимылдатқыш*, *контрпуансон* – *керісотан*, *акселерация* – *үдеме*, *траверс* – *қагаберіс*, *абразив* – *қажжақ*, *абразия* – *қажжалыс*, *сателлит* – *қосақ*, *серік*; *паллета* (*спутник*) – *лаушық* (*білдектің*), *матрица* (*маш.*) – *ұяқалып* (*маш.*), *процесс* – *ісжүріс*; *расценка* – *ісбаға*, *буфер* – *аралым*, *кривошип* – *қосиін*, *цевка* – *мақарат*, *барельеф* – *оймабедедер*, *отклик* – *сарқын*, *штабелер* – *реттепсалғыш*, *қабаттағыш*; *свиль* – *ізік*; *шликер* – *шылақұрам*, *қоймал* және т.б.

Қарастырылып отырған сөздіктерде сол салаларға тікелей қатысты емес терминдердің берілуі, әртүрлі сөз таптарына жататын сөздер және сөз тіркестерін біріктіріп жазу, еуропа тілдерінен орыс тіліне енген терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ретінде сөздіктерде тіркелмеген, мағынасы түсініксіз, тым жасанды сөздердің ұсынылуы 30 томдық терминологиялық сөздіктердің басқа салаларына да тән құбылыс болып отыр.

Қорытынды

Техника салалары терминдерін синтетикалық (морфологиялық) тәсілмен жасауда жиі қолданылатын мына жұрнақтар анықталды: *-гі / -гы*; *-гіш / -гыш*; *-лау / -леу*; *-лық / -лік*; *-м / -ым / -ім*; *-ма / -ме*; *-мақ / -мек*; *-малы / -мелі*; *-нама / -дама*; *-у*; *-уыш / -уіш*; *-ушы / -уші*; *-ша / -ше*; *-шы / -ші*; *-ық / -ік*; *-ынды / -інді*; *-ыс / -іс* және т.б. Техника салалары терминдерінің синтетикалық (морфологиялық) тәсілмен жасалуында *-гіш / -гыш* жұрнағы жиі қолданылса, соңғы кезде *-гі / -ғы* жұрнағы басымдық алғаны, сондай-ақ басқа салаларда (тіл білімі) термин жасауда қолданылатын *-м / -ым / -ім* жұрнағы белсенділік танытып келеді.

Техника салалары терминдерін жасауда синтаксистік (аналитикалық) тәсілдің сөзқосым және сөздерді тіркестіру түрі белсенді қолданылып, олардың жасалуы орыс тілінен құрылымдық, семантикалық-синтаксистік калькалау әдісіне негізделетін жағдайлар көптеп кездескенімен, шет тілдерінен орыс тіліне енген және орыс тілі терминдерін тіліміздің төл сөздермен аудару басты назарға алынғанын байқаймыз.

Терминжасамның лексика-семантикалық (конверсия) тәсілмен ұлттық танымға негізделген метафоралық қолданыс нәтижесінде жасалған техника салалары терминдерінің саны артып келеді.

Қарастырылып отырған сөздіктерде еуропа тілдерінен орыс тіліне енген және орыс тілі терминдерін орыс тіліндегі жазу жалғасып келе жатқанымен, соңғы кезде олардың қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп қолданылуы басымдық алып келеді.

«Механика» және «Машинажасау» сөздіктеріндегі мынадай жарыспалы қолданыс түрлері анықталды: еуропа тілдерінен орыс тіліне енген терминнің баламасы ретінде сол терминнің өзі және қазақ тіліндегі баламасы (баламалары) қолданылады; орыс тіліндегі терминнің қазақ тіліндегі екі немесе одан да көп баламасы қолданылады; қазақ тіліндегі терминнің еуропа және орыс тілдеріндегі екі немесе одан да көп баламасы қолданылады.

Қарастырылып отырған сөздіктердегі жарыспалылық құбылысына төмендегідей бірқатар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар себеп болады: сала мамандарының ғылыми тұрғыда негізделген тұжырымдары; тілдік қалыптасу факторы (қолданыс жиілігі нәтижесінде белгілі бір терминнің орнығуы); терминдердің семантикалық әлеуеті; терминдердің шығу тәркіні; нормативтік құжаттарда, ғылыми мақалалар мен оқулықтарда және т.б. қолданылған терминдерді өзгертуге болмайды деген қасаң қағиданың алға тартылуы; салалық терминологиялық сөздікте қамтылған терминдердің бекітілген нұсқалармен, заңнамадағы қолданысымен біріздендірілмеуі.

«Механика» және «Машинажасау» сөздіктерінде тіркелген терминдерге қатысты мынадай жайттар анықталды: аталған салаларға тікелей қатысты емес терминдер кездеседі; орыс тіліндегі терминді аудару барысында оның құрылымына сәйкес қазақ тіліндегі әртүрлі сөз таптарына жататын сөздер және сөз тіркестері біріктіріліп жазылады; еуропа тілдерінен орыс тіліне енген терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ретінде сөздіктерде тіркелмеген, мағынасы түсініксіз, тым жасанды сөздер кездеседі.

Зерттеу нәтижелері техника ғылымдары салаларының терминжүйесін, жалпы қазақ тілінің терминологиялық қорын дамытудың ғылыми-теориялық, қолданбалы-практикалық және әдістемелік негіздерін жетілдіруге үлес қосады, яғни ғылыми зерттеулер жазуда, әртүрлі сөздіктер (терминологиялық реестрлік, терминологиялық түсіндірме және т.б.) құрастыруда, терминологиялық жұмыстар жүргізуге арналған әртүрлі әдістемелік нұсқаулықтар жасауда, техника ғылымдары салалары мамандарының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруда, терминология бойынша жоғары оқу орындарында дәрістер оқуда маңызы жоғары болады деп санаймыз.

Мақала ЖТН BR18574183 «Қазақ мәтінін автоматты тану: лингвистикалық модульдер мен ІТ-шешімдер әзірлемесі» атты бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Abdullayeva F. Theoretical and Practical Issues of Technical Terminology // Journal of Pedagogical Inventions and Practices. – 2022. – Vol.9. – P. 84-88.
- Abdullaeva F.B., Rasulova Z.B., Isarov O.R. On the Definition of Technical Terms and Terminological Dictionaries // International Journal of Advanced Science and Technology. – 2020. – Vol.29. – Iss.7. – P. 7949-7953.
- Abdullaeva F.B., Isarov O.R. Theoretical and Practical Issues of Technical Terminology // Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal. – 2019. – Vol. 1. – P. 8.
- Бекқожанова Г. Лингвистикалық терминдердің құрылымдық және семантикалық сипаты (қазақ, ағылшын тілдері негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2009. – 144 б.
- Gulruh N., Dildora S., Bunyod B., Fazliddin Y. Interactive Learning Environment in the English Language Teaching with the help of Computer Technology // Solid State Technology. – 2020. – Vol. 63(4). – P. 619-623.
- John S.J., Slava M.K. Technical terminology: some linguistic properties and an algorithm for identification in text // Natural Language Engineering. – 1995. – Vol.1. – Iss.1. – P. 9-27. DOI: 10.1017/S1351324900000048
- Иса Г. Техника саласындағы терминжасам мәселелері [Электронды ресурc]. – URL: <https://termincom.kz/articles/?id=83> (Пайдаланылған күні: 23.09.2023)
- Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928+16 жапсырма бет.
- Лопатина Е.В. Научно-технические термины с бионимичными компонентами в английском и русском языках: автореф. ... дисс. канд. фил. наук. – Уфа, 2012. – 28 с.
- Лотте Д.С. Основа построения научно-технической терминологии. – Москва., Издательство АН СССР, 1961. – 158 с.
- Омонов К.Ш., Зикруллаева Х.Б. Научно-технические термины и переводческие методы, использованные при их создании // Вестник Челябинского государственного университета. Филологические науки. – 2020. – №1(435). Вып. 119. – С. 105-114. DOI 10.24411/1994-2796-2020-10114

Polyakova L.S., Yuzakova Y.V., Suvorova E.V., Zharova K.E. Peculiarities of translation of English technical terms // The I International Scientific Practical Conference “Breakthrough Technologies and Communications in Industry”. Materials Science and Engineering 483. – Volgograd, 2019. – P.1-6. DOI 10.1088/1757-899X/483/1/012085

Тілембекова А.И. Ғылыми-техникалық мәтіндердің (FTM) лингво-прагматикалық құрылымы: филол.ғыл. канд. дисс ... автореф. – Алматы, 2004. – 30 бет.

Utengaliyeva N.A., Bektemirova S.B., Rivers W.P. Academic terms of the Bologna process // Қазақ ҰҰ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №2(174). – Б. 190-198.

Utengaliyeva N.A., Bektemirova S.B., Odanova S.A., Rivers W.P., Akimisheva Zh.A. Innovation in Audiovisual Translation: from Reproduction to Perception of Texts with Academic Terms // Xlinguae. – 2022. – Vol.15. – Iss.2. – P. 121-129. DOI: 10.18355/XL.2022.15.02.09.

Федюченко Л.Г. Терминологическая база данных как трансферная модель технического знания: автореф. ... дисс. док. фил.наук. – Тюмень, 2021. – 42 с.

References

Abdullayeva, F. (2022). Theoretical And Practical Issues of Technical Terminology. Journal of Pedagogical Inventions and Practices. Vol.9, P. 84-88.

Abdullaeva, F.B., Rasulovala, Z.B., Isarov, O.R. (2019). On the Definition of Technical Terms and Terminological Dictionaries. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, Vol.1, P. 7.

Abdullaeva, F.B., Isarov O.R. (2019). Theoretical and Practical Issues of Technical Terminology. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, Vol. 1, P. 8. (in English)

Bekqozhanova, G. (2009). Lingvistikalıyq terminderdin qurylymdyq zhane semantikalyq sipaty (qazaq, agylshyn tilderi negizinde) [Structural and semantic nature of linguistic terms (based on Kazakh, English)]. Filol. gyl. kand. ... diss. [Dissertation ... on Candidate of Philological Sciences]. Almaty. (in Kazakh)

Gulruh, N., Dildora, S., Bunyod, B., Fazliddin, Y. (2020). Interactive Learning Environment in the English Language. Teaching with the help of Computer Technology. Solid State Technology, Vol. 63(4), P. 619-623.

John, S.J., Slava M.K. (2008). Technical terminology: some linguistic properties and an algorithm for identification in text Natural Language Engineering. Vol. 1, Iss. 1, P. 9-27. DOI: 10.1017/S1351324900000048

Isa, G. Tehnika salasyndagy terminzhasam maseleleri [Problems of term formation in the field of technology references]. [Electronic resource]. URL: <https://termincom.kz/articles/?id=83> (in Kazakh) (Date of use:: 23.09.2023)

Qurmanbayuly, Sh. (2014). Qazaq terminologiasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografiya [Kazakh terminology: research, textbook, dictionary, bibliography]. Almaty. (in Kazakh)

Lopatina, E.V. (2012). Nauchno-tehnicheskie terminy s bionimicheskimi komponentamy v angliiskom i russkom iazykah [Scientific and technical terms with bionymic components in English and Russian]. Avtoref. diss. kand. filol. nauk. [Abstract of the dissertation of the Candidate of Philological sciences]. Ufa (in Russian)

Lotte, D.S. (1961). Osnova postroeniya nauchno-tehnicheskoi terminologii [The basis for the construction of scientific and technical terminology]. Moscow. (in Russian)

Omonov, K.Sh., Zikrullaev, H.B. (2020). Nauchno-tehnicheskie terminy i perevodcheskie metody, ispolzovannye pri ih sozdaniı [Scientific and technical terms and translation methods used in their creation]. Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Filoloficheskie nauki [Bulletin of the Chelyabinsk State University. Philological sciences]. Vol.1 (435). Vol. 119, P. 105-114. DOI 10.24411/1994-2796-2020-10114 (in Russian)

Polyakova, L.S., Yuzakova, Y.V., Suvorova, E.V., Zharova, K.E. (2019). Peculiarities of translation of English technical terms. In The I International Scientific Practical Conference “Breakthrough Technologies and Communications in Industry”. Materials Science and Engineering 483. Volgograd, P.1-6. DOI 10.1088/1757-899X/483/1/012085

Tlembekova, A.I. (2004). Gulymi-tehnikalıyq matinderdin (GTM) lingvo-pragmatikalıyq qurylymy [Linguo-pragmatic structure of scientific and technical texts (STM)]. Filol. gyl. kand. ... diss [Dissertation ... on Candidate of Philological Sciences]. Almaty. (in Kazakh)

Utengaliyeva, N.A., Bektemirova, S.B., Rivers, W.P. (2019). Academic terms of the Bologna process. KazUU Habarshysy. Filologia seriasy [Bulletin of KazNU. Philology series]. Vol. 2(174), P.190-198.

Utengaliyeva, N.A., Bektemirova, S.B., Odanova, S.A., Rivers, W.P., Akimisheva, Zh.A. (2022). Innovation in Audiovisual Translation: from Reproduction to Perception of Texts with Academic Terms. In Xlinguae, Vol. 15, Iss. 2, P. 121-129. DOI: 10.18355/XL.2022.15.02.09.

Fedyuchenko, L.G. (2021). Terminologicheskaya baza dannyh kak transfernaya model tehnicheskogo znaniya [Terminological database as a transfer model of technical knowledge]. Avtoref. diss. doktora filol. nauk [Abstract of the dissertation of the Doctor of Philology]. Tiumen. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Құлманов Сәрсенбай (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология орталығының жетекшісі (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru);

Әшімбаева Нағима – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: nagima010@mail.ru);

Омарова Аягүл – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: awonai_januy@mail.ru);

Ескендір Жарас – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: jaras.eskendir.98@mail.ru).

Келін түсті: 8 қараша 2023 ж.

Қабылданды: 29 мамыр 2024 ж.